

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"**  
**Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 наурыздағы № 210 қаулысы

**Ескерту. Заңның жобасы ҚР Парламентінің Мәжілісінен кері қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 01.04.2013 N 315 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Премьер-Министрі*  
Жоба

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*С. Ахметов*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне**  
**зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен**  
**толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-

құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13-құжат, 15; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат):

1) 45-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Заңды тұлғаны қайта құру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту) оның мүлкін меншіктенушінің немесе меншік иесі уәкілдік берген органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың), сондай-ақ заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында уәкілдік берілген органның шешімі бойынша, не заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда сот органдарының шешімі бойынша жүргізіледі. Заңнамада қайта құрудың басқа да нысандары көзделуі мүмкін.

Заңды тұлға – ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорын, арнайы қаржы компаниясын қайта құру Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру, сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры, жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Акционерлік қоғамдарды қайта құру Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамалық актісінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.» ;

2) 49-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Заңды тұлғаның мүлкін меншіктенушінің немесе меншік иесі уәкілдік берген органның, сондай-ақ құрылтай құжаттарында шешім қабылдауға уәкілдік берілген органының шешімі бойынша заңды тұлға кез келген негіз бойынша таратылуы мүмкін.

Заңды тұлға – ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорын, арнайы қаржы компаниясын, мақта өңдеу ұйымын тарату Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру, сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры, жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру, мақта саласын дамыту туралы заңнамасында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.» ;

3) 132-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Атаулы бағалы қағазбен куәландырылған құқықтар бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамада көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, талапты (цессияны)

иеліктен шығару үшін белгіленген тәртіппен беріледі. Бағалы қағаз бойынша құқық беруші адам осы Кодекстің 347-бабына сәйкес тиісті талапты орындау үшін емес, оның жарамсыздығы үшін жауапты болады.»;

4) 389-бап мынадай редакциядағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамалық актілерде қосылу шартын жасасу ерекшеліктері және оның мазмұнына қойылатын талаптар көзделуі мүмкін.».

2. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 15-16, 211-құжат; 1998 ж., № 16, 219-құжат; № 17-18, 225-құжат; 1999 ж., № 20, 721-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 10, 106-құжат; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 15, 137-құжат; № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 21-22, 87-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 72-құжат; № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 4, 33-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 71, 73, 75-құжаттар; № 17, 82, 83-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 11, 59-құжат; № 15, 71-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар; № 19, 145-құжат; № 20, 158-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13-құжат; № 3, 26, 27-құжаттар; № 4, 30-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 10, 77-құжат; № 12, 84-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат):

216-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«216-1-бап. Төлем қабілетсіздігіне дейін жеткізу

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, инвестициялық портфельді басқарушыны, банкті мәжбүрлеп таратуға әкеп соққан төлем қабілетсіздігіне әкелген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының, банктің ірі қатысушысы - жеке тұлғаның, ірі қатысушысы - заңды тұлғаның бірінші басшысының не сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, банктің, инвестициялық портфельді басқарушының тұрақты, уақытша не арнайы өкілеттік бойынша басқару органының немесе атқарушы органының функцияларын орындайтын тұлғаның қасақана іс-әрекеті ( ә р е к е т с і з д і г і ) ,

- үш мыңнан алты мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не екі мыңнан төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынып, мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға ж а з а л а н а д ы . » .

3. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (

Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат):

1) 740-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Заңды тұлғалар (уәкілетті мемлекеттік орган лицензиядан айырған және (немесе) мәжбүрлеп тарату үдерісінде тұрған банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) мен азаматтардың банктердегі ақшасына тек соттар, тергеу және анықтау органдары мен атқарушылық іс жүргізу органдары өздерінің іс жүргізуіндегі қылмыстық және азаматтық істер және атқарушылық іс жүргізу істері бойынша Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу заңнамасында және Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және негіздер бойынша тыйым салынуы мүмкін.»;

2) 742-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) екінші кезекте еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен жұмыстан шығу жәрдемақыларын төлеу және еңбекақы төлеу, авторлық шарт бойынша сыйлықақы төлеу, клиенттің міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аудару жөніндегі міндеттемелері бойынша есеп айырысу үшін ақша алуды көздейтін атқару құжаттары бойынша ақша алу жүргізіледі;».

4. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 18, 644-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 21-22, 281-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 10, 49-құжат; № 14, 109-құжат; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 140-құжат; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат;

№ 13, 99-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 15-16, 62-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 127, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 3-4, 12-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 17-18, 111-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 28-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 93-құжат; № 21-22, 124-құжат):

159-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«1) жауапкерге тиесілі және оның өзінде немесе басқа адамдарда болатын мүлікке тыйым салу (банктің корреспонденттік шотындағы ақшаға және сауда-саттық ұйымдастырушылардың ашық сауда-саттық әдісімен сауда жүйелерінде жасасқан репо операциялары бойынша нысана болып табылатын мүлікке тыйым салуды қоспағанда).

Міндетті зейнетақы жарналарына (өсімпұлдарға), зейнетақы активтеріне және зейнетақы жинақтарына тыйым салуға жол берілмейді.

Шет мемлекеттің Қазақстан Республикасының аумағындағы корреспонденттік шотындағы ақшаға тыйым салуға Қазақстан Республикасының және оның меншігінің юрисдикциялық иммунитетін шет мемлекеттің бұзуынан келтірілген залалдарды өтеу туралы талап қоюлар бойынша жол беріледі.

Жауапкерге тиесілі және банктегі ақшаға тыйым салу түріндегі талап қоюды қамтамасыз ету туралы ұйғарымда тыйым салынатын ақша сомасы көрсетілуге тиіс. Тыйым салынатын ақша сомасын іс материалдарын негізге ала отырып, сот а й қ ы н д а й д ы ; » .

5. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009

ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84-құжат, 85; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 93, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжат; № 2, 10, 11, 13-құжаттар):

1 ) т а қ ы р ы б ы н д а :

«172-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін мақсатсыз пайдалану» деген сөздер «172-бап. Зейнетақы активтерін мақсатсыз пайдалану» деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«172-1-бап. Банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын таратуға байланысты талаптарды бұзу» деген сөздер «172-1-бап. Банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын таратуға байланысты талаптарды бұзу» деген сөздермен ауыстырылсын;

«179-3-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының және (немесе) зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың пруденциялық нормативтерді және (немесе) өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді орындамауы» деген сөздер «179-3-бап. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушылардың пруденциялық нормативтерді және (немесе) өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді орындамауы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«201-бап. Жинақтаушы зейнетақы қорларының және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарды бұзуы» деген сөздер «201-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының) және инвестициялық портфельді басқарушылардың бағалы қағаздар рыногы туралы заңнаманы бұзуы» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

88-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«88-бап. Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы з а ң н а м а с ы н б ұ з у

1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы

заңнамасында белгіленген зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасасу тәртібін, зейнетақы төлемдерін, аударымдарды және алып қоюларды жүзеге асыру мерзімдерін б ұ з у ы –

лауазымды адамдарға - екі жүз, заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

1-1. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының Зейнетақы төлеу жөніндегі орталыққа міндетті зейнетақы (міндетті кәсіби) жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылған салымшылар туралы мәліметтерді табыс етпеуі, уақтылы табыс етпеуі, сол сияқты көрсетілген салымшылар туралы дәйексіз мәліметтерді табыс етуі –

лауазымды адамдарға – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

1-2. Осы баптың 1-1 бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер –

лауазымды адамдарға – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Зейнетақы төлеу жөніндегі орталықтың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген зейнетақыны толық мөлшерде және белгіленген мерзімдерде төлеу жөніндегі міндеттерін орындамауы –

айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Жеке тұлғаның, дара кәсіпкердің, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың, заңды тұлғаның:

салық органына міндетті зейнетақы жарналары бойынша пайдасына берешек өндіріп алынатын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының тізімдерін табыс етпеуі;

салық органдарына міндетті зейнетақы жарналарының есептелген, ұсталған (есептеп қосылған) және аударылған сомалары жөнінде есептерді Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде табыс етпеуі;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес әрбір қызметкер бойынша есептелген, ұсталған (есептеп қосылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналарын бастапқы есепке алуды жүргізбеуі;

есептелген, ұсталған (есептеп қосылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы мәліметтерді салымшыларға Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде табыс етпеуі;

бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын

аудармауы, уақтылы және (немесе) толық есептелмеуі, ұстамауы (есепке жазбауы) және (немесе) төлемеуі (аудармауы);

Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген жағдайларда салық органдарының өкімі бойынша касса жөніндегі барлық шығыс операцияларын тоқтатпауы түрінде жасаған Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамауы не тиісінше орындамауы, - жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, заңды тұлғаларға ескерту жасауға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – аударылмаған, уақтылы және (немесе) толық есептелмеген, ұсталмаған (есепке жазылмаған) және (немесе) төленбеген (аударылмаған) міндетті зейнетақы жарналары сомасының отыз пайызы мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – елу пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың :

Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген жағдайларда салық органдарының өкімі бойынша агенттердің - заңды тұлғалардың немесе дара кәсіпкерлердің, жеке нотариустардың, жеке сот орындаушыларының және адвокаттардың банк шоттары бойынша барлық шығыс операцияларын тоқтатпауы ;

міндетті зейнетақы жарналары мен өсімпұл сомаларын Зейнетақы төлеу орталығына аудару кезінде банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның кінәсінен аудармау (есептілік), уақтылы аудармау (банктік шоттардан ақшаны есептен шығару бойынша операциялар жасалған күннен кеш немесе қолма-қол ақшаны банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға енгізген күннен кейін) не төлем құжатының деректемелерін толтыру кезінде қателер жіберу ;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен салық органдарының міндетті зейнетақы жарналары мен өсімпұл сомаларын өндіріп алуы жөніндегі инкассолық өкімдерін орындамауы түрінде жасаған Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамауы, —

лауазымды адамдарға – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы



заңнамасында белгіленген міндеттерді орындамау кезеңінде агенттердің банк шоттары бойынша жасалған шығыс операциялары сомасының — бес процент мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

6. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының) бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күнгі шындыққа сәйкес келмейтін жарнаманы хабарлауы немесе жариялауы — екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясының Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген оның мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі — лауазымды адамдарға — елу, заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінің мақсаттары үшін тұлға, егер аударылмаған, уақтылы және (немесе) толық есептелмеген, ұсталмаған (есепке жазылмаған) және (немесе) төленбеген (аударылмаған) міндетті зейнетақы жарналарының сомасы әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күні қолданыста болатын заңға сәйкес белгіленетін бір айлық есептік көрсеткіштен аз болса, әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды.»;

3) 170, 171, 172, 172-1-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«170-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жазбаша келісімін алмастан қаржы ұйымы акцияларының он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама заңсыз түрде сатып алуға байланысты бұзушылықтар

Тұлғаның қаржы ұйымының орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алған акциялары шегеріле отырып) он немесе одан көп мөлшердегі пайызын тікелей немесе жанама сатып алуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жазбаша келісімінсіз қаржы ұйымының орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алған акциялары шегеріле отырып) он немесе одан көп мөлшердегі пайызын бақылауға немесе қаржы ұйымы қабылдайтын шешімдерге ықпал ету мүмкіндігіне ие болуы, —

жеке тұлғаларға — екі жүз, лауазымды адамдарға — төрт жүз, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға — бір мың, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Е с к е р т у .

Осы бапта банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын, инвестициялық портфельді басқарушыны қаржы ұйымдары деп түсінген жөн.

171-бап. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға ақпарат (мәліметтер) беру жөніндегі талаптарды бұзу

Банк, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры құрылтайшыларының (акционерлерінің) және олардың үлестес тұлғаларының, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының), инвестициялық портфельді басқарушының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры, инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушысының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келетін жеке немесе заңды тұлғалардың есептілікті, мәліметтерді не өзге де сұратылатын ақпаратты бермеуі, сол сияқты уақтылы бермеуі немесе олардың қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының банк заңнамасына немесе Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес талап етілетін есептілікті, мәліметтері жоқ ақпаратты беруі не олардың анық емес есептілікті немесе мәліметтерді не өзге де сұратылатын а қ п а р а т т ы б е р у і –

жеке тұлғаларға – жүз, заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

172-бап. Зейнетақы активтерін мақсатсыз пайдалану

1. Инвестициялық портфельді басқарушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген инвестициялау шарттары мен тәртібін бұзуы – жеке тұлғаға – төрт жүз, заңды тұлғаға сегіз жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Кастодианның – екінші деңгейдегі банктің ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің нысаналы орналастырылуын бақылауды жүзеге а с ы р м а у ы –

кастодианның лауазымды адамына екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

172-1-бап. Банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын таратуға б а й л а н ы с т ы т а л а п т а р д ы б ұ з у

1. Банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату комиссиясы төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықты жою туралы жазбаша нұсқаманы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген мерзімде орындамауы – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Тарату комиссиясы төрағасының не бөлімшесі басшысының тарату комиссиясының қызметіне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тексеру жүргізуінен жалтаруы не оны жү р г і з у г е к е д е р г і к е л т і р у і –

жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Тарату комиссиясы төрағасының, бөлімшесі басшысының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға анық емес

есептілікті және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында, Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген ақпаратты бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік алты ай ішінде екі және одан да көп) беруі, есептілікті және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында, Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленген қосымша ақпаратты уақтылы бермеуі, мүлде бермеуі – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

4 ) 1 7 2 - 2 - б а п т а :

2-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру брокерінің, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының), бағалы қағаздар нарығы субъектісінің, арнайы қаржы компаниясының, исламдық арнайы қаржы компаниясының, инвестициялық қордың өздері қабылдаған және (немесе) өздеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі шектеулі ықпал ету шараларын қолдану арқылы жүктеген міндеттерді орындамауы – орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

6-бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, инвестициялық портфельді басқарушының, инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушыларының, бағалы қағаздар нарығы субъектісінің өздері қабылдаған және (немесе) өздеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган шектеулі ықпал ету шараларын қолдану арқылы жүктеген міндеттерді орындамауы – жеке тұлғаларға – елу, лауазымды адамдарға – жүз, заңды тұлғаларға екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

5) 175-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«175-2-бап. Қаржы ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерінің ашылғаны және олардың қызметінің тоқтатылғаны туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органды уақтылы хабардар етпеу, сондай-ақ қаржы ұйымдарының филиалдарын, өкілдіктерін ашу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамау

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қаржы ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерінің ашылғаны және олардың қызметінің тоқтатылғаны туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органды уақтылы хабардар етпеу, сондай-ақ қаржы ұйымдарының филиалдарын, өкілдіктерін ашу кезінде Қазақстан Республикасының банк заңнамасының, Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі мен сақтандыру қызметі туралы заңнамасының талаптарын сақтамау –

лауазымды адамдарға – елу, заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.».

6) 179-3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«179-3-бап. Инвестициялық портфельді басқарушының пруденциялық нормативтерді және (немесе) өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді о р ы н д а м а у ы

1. Инвестициялық портфельді басқарушының есептіліктегі көрсеткіштерді не пруденциялық нормативтерді және (немесе) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында айқындалған өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді орындау туралы мәліметтерді бұрмалауға әкеп соққан е с е п т і л і к т і ж а с а у ы –

лауазымды адамдарға – жүз, заңды тұлғаларға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Инвестициялық портфельді басқарушының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген пруденциялық нормативтерді және (немесе) өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және о д а н д а к ө п ) о р ы н д а м а у ы –

заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы . » ;

7) мынадай мазмұндағы 179-4-баппен толықтырылсын:

«179-4-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының Қазақстан Республикасының заңнамасында өзінің қызметіне қатысты белгіленген талаптарды б ұ з у ы

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының Қазақстан Республикасының заңнамасында өзінің қызметіне қатысты белгіленген талаптарды бірнеше рет ( қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп) бұзуы – лауазымды адамдарға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға ә к е п с о ғ а д ы . » ;

11) 201-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«201-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (ерікті жинақтаушы қорларының) және инвестициялық портфельді басқарушының бағалы қағаздар рыногы т у р а л ы з а н д а р д ы б ұ з у ы

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (ерікті жинақтаушы қорларының) салымшылардың (алушылардың) жеке шоттарындағы зейнетақы жиналымдарын есепке алу тәртібін бұзуы, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушының кастодиан-банктермен және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен (ерікті жинақтаушы қорларымен) өзара қарым-қатынастардың бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамада белгіленген тәртібін ірі залал келтірмей бұзуы, – лауазымды адамдарға – екі жүз, заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш

мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

9) 203-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«203-бап. Төлемдер жүргізу бойынша Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген шектеулерді бұзу

Заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің азаматтық-құқықтық мәміле бойынша басқа заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің пайдасына бір мың айлық есептік көрсеткіштен астам сомда қолма-қол тәртіппен төлемді жүзеге асыруы;

- төлемді жүзеге асырушы заңды тұлғаға, дара кәсіпкерге төлем сомасының бес пайызы мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.».

6. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 6, 45-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 123-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде 2013 жылғы 6 ақпанда жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

34-баптың 5-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5-1) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер;».

7. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, № 22-II, 112-құжат, 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 7, 10-құжаттар; «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде 2013 жылғы 6 ақпанда жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 ақпандағы Қазақстан Республикасының 3 а н ы ) :

1) мазмұнындағы 19-тараудың 3-параграфының тақырыбы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«§ 3. Жинақтаушы зейнетақы қорынан және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдері»;

2) 18-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«2) міндетті зейнетақы жарналарын (бұдан әрі – міндетті зейнетақы жарналары) есептеудің, ұстаудың және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударудың, әлеуметтік аударымдарды (бұдан әрі – әлеуметтік аударымдар) есептеудің және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төлеудің толықтығы мен уақтылылығын қ а м т а м а с ы з е т у ; » ;

3) 143-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«2) орналастырылған зейнетақы активтері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына, өмірді сақтандыру саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарына, пайлық және акционерлік инвестициялық қорларға және орналастырылған активтер бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін инвестициялық т а б ы с т а р » ;

4) 155-баптың 3-тармағының 16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«16) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша жасасқан сақтандыру сыйлықақыларын (аннуитетті) төлеу үшін өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру ұйымдарына жіберген зейнетақы жинағының сомалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сақтандыру ұйымдарына бағытталған, зейнетақы аннуитетінің шарттары;»;

5) 156-баптың 1-тармағында:  
28) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:  
«28) жеке тұлға басқа жеке тұлғадан сыйға немесе мұраға алған мүліктің құны. Осы тармақшаның ережелері дара кәсіпкер алған және кәсіпкерлік мақсатта пайдалануға арналған мүлікке, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалған, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары төлейтін зейнетақы жинақтарына қолданылмайды;»;

34) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:  
«34) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшердегі ерікті кәсіби зейнетақы жарналары, сондай-ақ салымшылардың қызметкерлердің пайдасына салған, салық төлеуші төлеген ерікті зейнетақы жарналары;»;

6) 160-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдері;»;

7) 163-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдері;»;

8) 19-тараудың 3-параграфының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«§ 3. Жинақтаушы зейнетақы қорынан және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдері»

9) 170-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Зейнетақы төлемдері түріндегі, төлем көзінен салық салынатын табыс осы Кодекстің 156-бабында көзделген түзетулер ескеріле отырып, салық салынуға жататын, осы бапта көзделген салық шегерімдері сомасына азайтылған зейнетақы төлемдері түріндегі табыс ретінде айқындалады. Бұл ретте, осы Кодекстің 156-бабында көзделген түзетулер мен салықтық шегерімдерді міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдері бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры ғана жүргізеді.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары :

1) салық төлеушілердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) ерікті кәсіби жарналар және (немесе) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың талаптарына сәйкес ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарынан. Осы тармақшада көзделген төлемдер бойынша, егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, төлем көзінен салық салынатын зейнетақы төлемдері түріндегі табысты айқындау кезінде төлемдерді жүзеге асырудың кезенділігіне қарамастан, табысты есебіне жазудың әрбір айы үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және табысты есептеу күні қолданыста болатын бір ең төмен жалақы мөлшері сомасында салық шегерімі қолданылады ;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнеткерлік жасына жеткен және Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға шығатын немесе шыққан Қазақстан Республикасының резиденті жеке тұлғаларына. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, осы тармақшада көзделген төлемдер бойынша төлем көзінен салық салынатын зейнетақы төлемдері түріндегі табысты айқындау кезінде республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және табысты есептеу күні қолданыста болатын ең төменгі жалақының 12 еселенген мөлшерінде салық шегерімі қолданылады ;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнеткерлік жасына жетпеген және Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға шығатын немесе шыққан Қазақстан Республикасының резиденті жеке тұлғаларына;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалған зейнетақы жинақтары түрінде жеке тұлғаларға жүзеге асырылатын төлемдер салық салуға жататын зейнетақы төлемдері түріндегі табысқа жатады.».

10) 175-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сақтандыру сыйлықақылары мыналардың: бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларындағы зейнетақы жинақтары есебінен (толық немесе ішінара). Осындай төлемдер бойынша жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша төлем көзінен салық салынатын табысты айқындау кезінде төлемдерді жүзеге асырудың кезеңділігіне қарамастан, табысты есебіне жазудың әрбір айы үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және табысты есептеу күні қолданыста болатын бір ең төменгі жалақы мөлшері сомасында салық шегерімі қолданылады;

жеке тұлғаның жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша өз пайдасына енгізетін сақтандыру сыйлықақылары есебінен;

жұмыс берушінің жинақтаушы сақтандыру шарттары бойынша қызметкердің пайдасына енгізетін сақтандыру сыйлықтары есебінен төленген сақтандыру ұйымдары жүзеге асыратын сақтандыру төлемдері;»;

11) 192-баптың 1-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде басқарушылық, қаржылық, консультациялық, аудиторлық, заң (соттарда, төрелік сотта немесе аралық сотта өкілдік ету және құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау бойынша көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ нотариаттық қызметтер көрсетуді қоспағанда) қызметтерін көрсетуден түсетін табыстар.

Осы бөлімнің мақсатында:

сақтандыру нарығына (сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру бойынша көрсетілетін қызметтерді қоспағанда), бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың қызметі;

бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі;

банк қызметі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізу жөніндегі ұйымдардың қызметі (Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде орналасқан Қазақстан Республикасы резидентінің құрылымдық бөлімшесіне банк шоттарын ашу және жүргізу, аудару, кассалық операциялар, шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру, төлем құжаттарын инкассоға қабылдау бойынша көрсетілген қызметтерді қоспағанда);

орталық депозитарийдің және өзара сақтандыру қоғамдарының қызметі қаржылық қызметтерді көрсету деп танылады;»;

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:



«22) резидент бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары жүзеге асыратын зейнетақы төлемдері;»;

12) 250-баптың 2-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналарын тарту бойынша, зейнетақы активтерінен алынған инвестициялық табысты бөлу мен есептеу бойынша қызмет көрсетулері;»;

13) 357-баптың 2-тармағының екінші бөлігінің 6) тармақшасы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қызметкерлердің міндетті зейнетақы жарналары салық салу объектісі болып табылмайды.»;

14) 465-баптың 2-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) мәжбүрлі түрде таратылатын банктердің, сақтандыру, қайта сақтандыру ұйымдарының тарату конкурстық массасын өткізу жөніндегі аукциондардан;»;

15) 471-баптың кестесінде:

1.71 және 1.73-жолдар алып тасталсын;

1.77-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

1.77	Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиринг қызметі	40
------	--	----

» ;

16) 581-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтерін, арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығаруды қамтамасыз ету болып табылатын активтерді және инвестициялық қордың активтерін сақтауға арналған банк шоттарынан, резидент емес заңды тұлғалардың, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың жинақ шоттарынан және (немесе) шетелдік корреспондент-банктердің корреспонденттік шоттарынан басқа резидент еместі қоса алғанда, салық төлеуші заңды тұлғаға, оның құрылымдық бөлімшелеріне, дара кәсіпкер , жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаға, шетелдікке және азаматтығы жоқ адамға банк шоттарын ашу кезінде, уәкілетті органды сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, көрсетілген шоттардың ашылғаны туралы хабарлардың кепілдікпен жеткізілуін қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша беру арқылы олардың ашылған күнінен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге міндетті.

Салық төлеушілер туралы, оның ішінде дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғалар туралы ақпарат банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға олардың осы тармақшада және осы баптың 4), 6), 9) және 12)

тармақшаларында көзделген міндеттерді орындауы мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімі бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ұ с ы н ы л а д ы .

Техникалық проблемалар салдарынан мұндай электрондық байланыс арналары арқылы көрсетілген шоттардың ашылғаны туралы хабардар ету мүмкін болмаған кезде, хабарлама қағаз жеткізгіште салық төлеушінің орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органына үш жұмыс күні ішінде жіберіледі;»;

17) 609-баптың 3-1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) мыналарды мәжбүрлеп таратқан жағдайда: банктерді – мәжбүрлеп тарату туралы сот іс қозғаған күннен бастап; сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын – мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап қолданылмайды.»;

18) 611-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

« 2 ) а қ ш а н ы :  
өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды, сондай-ақ алименттерді өндіріп алу жөніндегі талаптарды қанағаттандыруды көздейтін атқару қ ұ ж а т т а р ы б о й ы н ш а ;

еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдарға демалысқа шығу жәрдемақысын және еңбек ақысын төлеу бойынша, авторлық шарт бойынша сыйақы, міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеу жөніндегі клиент міндеттемелері бойынша есеп айырысу үшін ақшаны алып қоюды көздейтін атқару құжаттары бойынша;

салық берешегін өтеу бойынша, сондай-ақ мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы атқару құжаттары бойынша алып қоюдан басқа салық төлеушінің (салық агентінің) барлық шығыс операцияларына қолданылады;»;

19) 614-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) мыналарды мәжбүрлеп таратқан жағдайда: банктерді – мәжбүрлеп тарату туралы сот іс қозғаған күннен бастап; сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары – мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап қолданылмайды.».

8. «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» 2010 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 14, 70-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 11, 102-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 13-құжат):

162-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

« 2 ) а қ ш а н ы :  
адам өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды,

сондай-ақ алименттерді өндіріп алу жөніндегі талаптарды қанағаттандыруды көздейтін  
а т қ а р у қ ұ ж а т т а р ы б о й ы н ш а ;

еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдарға жұмыстан шығу жәрдемақыларын  
төлеу және еңбегіне ақы төлеу, авторлық шарт бойынша сыйақы төлеу, клиенттің  
міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару  
жөніндегі міндеттемелері және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік  
аударымдарды төлеу бойынша есеп айырысу үшін ақшаны алып қоюды көздейтін  
а т қ а р у қ ұ ж а т т а р ы б о й ы н ш а ;

берешек пен өсімпұлды өтеу бойынша, сондай-ақ мемлекет кірісіне өндіріп алу  
туралы атқару құжаттары бойынша алып қою жағдайларынан басқа, төлеушінің барлық  
шығыс операцияларына қолданылады.

Банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім уәкілетті  
мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың тыйым салу туралы  
шешімдерінің негізінде тыйым салынған ақша сомасына қолданылмайды.».

9. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы  
Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің  
Жаршысы, 2011 ж., № 22, 174-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-  
қ ұ ж а т ; № 2 , 1 3 - қ ұ ж а т ) :

1) 101-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«101-бап. Асырап алынған баланың жәрдемақыға және басқа да әлеуметтік  
төлемдерге құқығының сақталуы

Өзі асырап алынған кезде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы және ерікті  
жинақтаушы зейнетақы қорларындағы ата-аналарының зейнетақы жинақтарына және  
асыраушысынан айрылған жағдайы бойынша жәрдемақыға және басқа да әлеуметтік  
төлемдерге құқығы бар бала осы құқықты асырап алынған кезде де сақтайды.»;

2) 136-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Патронат тәрбиешілерге берілген бала өзіне тиесілі алиментке, бірыңғай  
жинақтаушы зейнетақы қорынан және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан  
төленетін ата-аналарының зейнетақы төлемдеріне, жәрдемақыға және басқа да  
әлеуметтік төлемдерге құқығын, сондай-ақ тұрғын жайға меншік құқығын немесе  
тұрғын жайды пайдалану құқығын сақтайды. Патронат тәрбиешілерге берілген  
баланың тұрғын жайы болмаған кезде Қазақстан Республикасының тұрғын үй  
заңнамасына сәйкес оған тұрғын жай берілуіне құқығы бар.

Тәрбиеленушіге тиесілі ақшалай қаражатты және басқа да мүлікті сақтау баланы  
патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарттың қолданылу уақытына патронат  
т ә р б и е ш і г е жүктеледі.

Патронат тәрбиешілерге берілген бала осы Кодекстің 60-62 және 67-баптарында  
көзделген құқықтарға да ие болады.».

10. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30

наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 23-құжат; № 12, 88-құжат; № 15-16, 100-құжат; № 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 11-12, 262-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 10, 123-құжат; 2003 ж., № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 4, 33-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 116-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 14-құжат); № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат):

1 ) 8 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 12-1) және 12-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«12-1) меншік иелері қаржы ұйымдары, сондай-ақ бағалы металдармен және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларымен экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыру құқығы бар дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар болып табылатын бағалы металдарды, олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының сынамаларын (үлгілерін) сақтауды және сынауды жүзеге асырады;

12-2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (келіп түскен) бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды тасымалдауды, қабылдауды, есепке алуды және сақтауды жүзеге асырады;»;

мынадай мазмұндағы 32-1) және 32-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«32-1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Үкіметі және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры арасында жасалатын сенімгерлік басқару туралы шарттың негізінде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады;

32-2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтеріне қатысты кастодианның функцияларын жүзеге асырады;»;

1 ) 1 5 - б а п т а :

е к і н ш і б ө л і к т е :

мынадай мазмұндағы 40-1) тармақшамен толықтырылсын:

«40-1) банктердің металл шоттарды ашу, жүргізу және жабу қағидаларын;

мынадай мазмұндағы 55-1) және 55-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«55-1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясын;

55-2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару үшін қажетті іс-қимылдар жасауды басқа сенімгерлік басқарушыға тапсырған кезде

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін сыртқы басқарушыларды таңдау қағидаларын, оның ішінде оларға қойылатын талаптарды;»;  
үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы 23-1) тармақшамен толықтырылсын:

«23-1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін есепке алу мен сақтау үшін Қазақстан Ұлттық Банкінің шоттары ашылатын шетелдік к а с т о д и а н д а р д ы а й қ ы н д а й д ы ; » ;

3) 20-4-тармақтың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшілері өздерінің лауазымдық өкілеттіктеріне орай қаржы ұйымдарының, олардың филиалдары мен үлестес тұлғаларының, Қазақстанның Даму Банкінің, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, бағалы қағаздар эмитенттерінің, кредиттік бюролардың, сақтандыру холдингтерінің, сақтандыру топтарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, инвестициялық қорлардың, төлем жүйелерін пайдаланушылардың, сондай-ақ валюталық операцияларды жүзеге асыратын тұлғалардың, уақытша әкімшіліктердің (уақытша әкімшілердің), банктердің тарату комиссияларының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының (бұдан әрі – тексерілетін субъект) қызметіне тексеру жүргізуді жүзеге асырған жағдайда, лауазымдық өкілеттіктерін нақты және әділ орындауына кедергі келтіруі мүмкін барлық мән-жайлар туралы, оның і ш і н д е :

тексерілетін субъектілердің басшы қызметкерлері болып табылатын жақын туыстары (жекжаттары), жұбайлары;

тексерілетін субъектілерде жұмыс істейтін жақын туыстары немесе жұбайлары;

тексерілетін субъектілерден алған қарыздары және тексерілетін субъектілердің алдындағы өзге де мүліктік міндеттемелері туралы жоғары тұрған басшылыққа дереу х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і . » ;

4) 56-баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы алып тасталсын;  
5) 57 - б а п т а :

бірінші бөліктің алтыншы және жетінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«тазартылған алтынды, басқа бағалы металдарды қабылдау мен сақтауды жүзеге а с ы р а д ы ;

ішкі және сыртқы нарықтарда тазартылған алтынды және басқа да бағалы металдарды сатып алу, сату, сақтауға орналастыру және депозитке салу жөніндегі, оның ішінде мемлекеттің басым құқығын іске асыру шеңберінде тазартылған алтынды сатып алу жөніндегі операцияларды жүргізеді;»;

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы он екінші абзацпен толықтырылсын:

«клиенттердің металл шоттарын ашады және жүргізеді;»;

6) 58 - б а п т а :

төртінші бөлік мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

«шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтерді басқарудың негізгі қағидаттарына сәйкес шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтерді алтын-валюта резервтеріне аудару;»;

бесінші бөлік мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:  
«шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтерді басқарудың негізгі қағидаттарына сәйкес алтын-валюта резервтерін шетел валютасындағы және бағалы металдардағы басқа активтерге аудару;»;

7) 62-4-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:  
«8. Осы баптың 7-тармағында көрсетілген адамдар болмаған және оларға тексеру нәтижелері туралы актіні қол қою үшін тапсыру мүмкін болмаған жағдайда тексеруші адамдар тексеру нәтижелері туралы актіге қол қойған күннен бастап тексеру нәтижелері туралы акт ресімделген болып есептеледі.»;

8 ) 6 2 - 5 - б а п т а :

62-5-баптың 9), 10), 11) және 12) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:  
«9) банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының уақытша әкімшіліктері (уақытша әкімшілері), тарату комиссиялары беретін есептілік пен өзге де а қ п а р а т т ы қ а р а у ;

10) мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары мен өкілдіктерін ескере отырып, тарату комиссияларының төрағасы мен мүшелерін тағайындау және босату;

11) мәжбүрлеп таратылатын банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аралық тарату балансын және кредиторлары талаптарының тізілімін, ерікті түрде немесе мәжбүрлеп таратылатын банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, жинақтаушы зейнетақы қорларының кредиторлары комитетінің құрамын бекіту ;

12) мәжбүрлеп таратылатын банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы есепті және тарату теңгерімін келісу;»;

62-5-баптың 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:  
«17) банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігінің (уақытша әкімшісінің) орындалған жұмыс туралы есебін бекіту жолымен жүзеге а с ы р а д ы . » ;

9) 70-1-баптың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:  
«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда ақылы негізде жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтер көрсетеді. Ол көрсететін мемлекеттік қызметтер үшін ақының мөлшері Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалады.»

11. «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 35-құжат; № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 1, 180-құжат; № 14, 274-құжат; 1997 ж., № 12, 183-құжат; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63, 64-құжаттар; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 1-құжат; № 8, 52-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 18, 157-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж. № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2009 ж., № 24, 122, 125-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат):

14-баптың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісінше Қазақстан Республикасының банк заңнамасында, Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында көзделген ерекшеліктер ескерілетін түрде жазылсын».

12. «Шаруашылық серіктестіктер туралы» 1995 жылғы 2 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 7, 49-құжат; № 15-16, 109-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 12, 183-184-құжаттар; № 13-14, 205, 210-құжаттар; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 24, 178-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 56-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат):

1-баптың 3-тармағы алып тасталсын.

13. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж.,

№ 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат):

1) 8-баптың 9-тармағының 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) банк пен Қазақстан Республикасының резиденттері-сақтандыру ұйымдарының және арасында олардың атынан сақтандыру шарттарын жасасу шарты болған кезде Қазақстан Республикасының резиденттері-сақтандыру ұйымдарының атынан сақтандыру шарттарын жасасумен айналысуға құқылы.»;

2) 11-1-баптың 6-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) банк және (немесе) банк холдингі еншілес ұйымды - Қазақстан Республикасының резиденттері - банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, инвестициялық портфельді басқарушыны құрған немесе сатып алған жағдайда, осы Заңда, Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында көзделген Қазақстан Республикасының резиденттері - банк немесе сақтандыру холдингінің, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін алуға қатысты талаптарды сақтамауы негіз болып табылады.»;

3) 146-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Осы бапта келтірілген шаралар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға, банк холдингіне, банк конгломератының құрамына кіретін ұйымдарға, банктің ірі қатысушыларына қатысты, олар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзған, оның ішінде банк холдингі, банктің ірі қатысушысы мәртебесін алғаннан кейін тұрақсыз қаржылық жағдай белгілері туындаған жағдайда, сондай-ақ уәкілетті орган осы тұлғалардың, олардың лауазымды адамдарының немесе қызметкерлерінің бұзушылықтары, заңсыз іс-әрекеттері немесе әрекетсіздігі банктің немесе банк конгломератының қаржылық жай-күйін нашарлатқанын анықтаған жағдайда, қолданылуы мүмкін.»;

4) 51-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«51-бап. Жеке немесе заңды тұлғаның (уәкілетті орган лицензиясынан айырған және (немесе) мәжбүрлеп тарату үдерісіндегі банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын, сондай-ақ ерікті жинақтау зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқаруға лицензиядан айырылған ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) банктегі ақшасына және басқа мүлкіне сот санкция берген анықтау және алдын ала тергеу органдарының қаулылары және атқарушылық іс жүргізу органдары мен жеке сот орындаушыларының қаулылары, сондай-ақ соттардың қаулылары, шешімдері, үкімдері, ұйғарымдары негізінде ғана тыйым салынуы мүмкін. Талап-арыз талаптарын қамтамасыз ету үшін тыйым салған кезде тыйым салынған



ақша сомасы талап-арыз сомасынан, мемлекеттік баж және соттың шешімдерін, үкімдерін, ұйғарымдары мен қаулыларын орындауға байланысты шығыстар көлемінен аспауға тиіс. Атқарушылық іс жүргізу органдары және жеке сот орындаушысы атқару құжатының орындалуын қамтамасыз ету үшін тыйым салуды қолданған жағдайда, тыйым салу қолданылатын ақша сомасы мен мүлік құны өндіріп алушыға ұйғарылған соманы өтеу үшін қажетті сомадан, сондай-ақ атқару құжатын орындау процесінде борышкерге салынған айыппұлдар, жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу сомаларынан және атқару құжатын орындау жөніндегі шығыстар сомасынан аспауға т и і с .

Заңды тұлғалардың, оның құрылымдық бөлімшелерінің, дара кәсіпкердің, жеке нотариустың және адвокаттың банк шоттарындағы (корреспонденттік шоттардан басқа ) барлық шығыс операциялары Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда, салық және (немесе) кеден органдарының өкімдері бойынша, тоқтатыла тұруы мүмкін, ал өндіріп алу Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздер бойынша ғана жүргізілуі мүмкін болады.

Жеке және заңды тұлғаның банктік шоттары бойынша операцияларын қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда тоқтата тұруы м ү м к і н .

Бұл ретте салық және (немесе) кеден органдарының өкімдері қағаз тасымалдағышта немесе ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша беру арқылы электрондық түрде банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұ й ы м д а р ғ а ж і б е р і л у і м ү м к і н .

Қағаз тасымалдағышта жіберілетін өкімге салық және (немесе) кеден органдарының бірінші басшысы қол қойып және мөрімен куәландыруы тиіс.

Электрондық түрде жіберілетін өкім салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген форматтарға сәйкес, уәкілетті органмен келісім бойынша ж а с а л а д ы .

2. Заңды тұлға мен жеке тұлғаның банкіде жатқан зейнетақы активтерінен басқа ақшасы мен өзге де мүлкін тәркілеу заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) негізінде ғ а н а жү р г і з і л у і м ү м к і н . » ;

5) 74-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тарату, конкурстық массаны қалыптастыру кезінде оған үшінші тұлғаларға тиесілі және сақтау мен есепке алу үшін кастодиан-банкке сеніп тапсырылған бағалы қағаздар, сондай-ақ есепке алу және сақтау үшін кастодиан банкке сеніп тапсырылған зейнетақы активтері, инвестициялық қорлардың активтері, арнайы қаржы компанияларының бөлінген активтері енгізілмейді. Кастодиан-банкке сақтау және

есепке алу үшін сеніп тапсырылған зейнетақы активтері, инвестициялық қордың активтері, арнайы қаржы компаниясының бөлінген активтері ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының, акционерлік инвестициялық қордың, арнайы қаржы компаниясының немесе инвестициялық пай қорын басқарушы компанияның өтініші бойынша басқа банкке аударылады.».

б) 74-2-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) төртінші кезекте депозиттер, оның ішінде таратылатын ислам банкінде орналастырылған талап етуге дейінгі пайызсыз депозиттер және ақша аударымдары бойынша жеке тұлғалардың талаптары, сондай-ақ зейнетақы активтері есебінен жүзеге асырылған депозиттер бойынша талаптары, «өмірді сақтандыру» саласы бойынша тартылған қаражат есебінен жүзеге асырылған сақтандыру ұйымдарының депозиттері бойынша талаптары қанағаттандырылады;».

14. «Банкроттық туралы» 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 1-2, 7-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 14, 198-құжат; № 17-18, 225-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 4, 26-құжат; № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 57-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-бап; № 4, 24-құжат; № 13; 86-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14, 18-құжаттар; № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 9-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 2, 14, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат) :

1) 1-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) банкроттық саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – банкроттық саласында (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда) мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;»;

2) 2-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Заң қазыналық кәсіпорындардан және мекемелерден, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан, банктерден, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан басқа, заңды тұлғалардың банкроттығы, оларды жеделдетілген оңалту және оңалту туралы істерге қолданылады.

Осы Заңда көзделген банкроттық немесе оңалту рәсімдерін үздіксіз өндіріс циклі бар ұйымдарға, сондай-ақ табиғи монополия субъектілері немесе тауар нарығында үстем (монополиялық) орынға ие нарық субъектілері болып табылатын ұйымдарға қатысты қолдану ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленуі мүмкін.

Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына, банктерге, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына және басқа кейбір заңды тұлғаларға қатысты осы Заңда көзделген банкроттық рәсімдерін қолдану ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленуі мүмкін.

Сот банкті банкрот деп тану туралы шешім қабылдаған жағдайда, оны тарату банк заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Сот сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын банкрот деп тану туралы шешім қабылдаған жағдайда оны тарату сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.».

15. «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 11, 154-құжат; 1999 ж., № 8, 239-құжат; № 23, 925-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 1-2, 13-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 157-құжат; 2005 ж., № 23, 98-құжат; 2006 ж., № 12, 69-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 64 - құжат) :

1) 8-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мүгедек адамға зейнетақы төлеу тағайындалған кезде мүгедектігі бойынша жәрдемақы төлеу тоқтатылады немесе осы Заңның 12-бабының 5-тармағына сәйкес Орталық пен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан алатын зейнетақы төлемдерінің мөлшері ескеріле отырып, қайта қаралады.» ;

2) 12-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Егер Орталықтан, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан берілетін жиынтық зейнетақы төлемдерінің мөлшері мүгедектердің тиісті санаттары үшін белгіленген мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы мөлшерінен кем болса, жәрдемақы төлеу зейнетақы төлемдеріне мүгедектердің сол санаты үшін белгіленген жәрдемақы мөлшеріне дейін жеткізілген тиісті қосымша төлемдер түрінде жүргізіледі.»;

3) 16-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Егер отбасының еңбекке жарамсыз мүшелерінің Орталықтан, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан алатын жиынтық зейнетақы төлемдерінің мөлшері асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша алатын айлық жәрдемақының мөлшерінен кем болса, жәрдемақы төлеу зейнетақы төлемдеріне отбасының осы еңбекке жарамсыз мүшелері үшін белгіленген жәрдемақының мөлшеріне дейінгі тиісті қосымша төлем түрінде жүргізіледі.»;

4) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«17-бап. Жәрдемақыларды тағайындау шарттары

Жасына байланысты жәрдемақы азаматтарға зейнетақы төлемдеріне құқығы болмаған жағдайда «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жасқа жеткен кезде Орталықтан, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және ерікті зейнетақы қорларынан тағайындалады.».

16. «Ақша төлемі мен аударымы туралы» 1998 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 11-12, 177-құжат; № 24, 445-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 10, 49, 51-құжаттар; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 13, 116-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат):

1) 14-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бастамашы ақша жөнелтушінің банкіне, салық қызметі органдары мен кеден органдарының инкассолық өкімдерді табыс етуі жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген нормалар негізінде осы өндіріп алудың негізділігін растайтын атқарушы құжаттардың түпнұсқаларын не олардың көшірмелерін қоса бере отырып, инкассалық өкімді табыс етеді. Құжаттардың түпнұсқаларын не олардың көшірмелерін қоса беру қажеттігі туралы талаптарды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

Салық қызметі органдарының міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешекті өндіріп алуға инкассолық өкімдері пайдасына берешек өндіріліп алынатын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының тізімдерімен қоса банктерге табыс етіледі.».

2) 21-баптың 4-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-1. Заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің басқа заңды тұлғалардың немесе дара кәсіпкерлердің пайдасына жүзеге асыратын, сомасы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және төлем жасалған күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшерінен асатын мәміле бойынша төлемдері қолма-қол ақшасыз төлеу тәртібімен ғана жүзеге асырылады.».

17. «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 ж. 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 16, 214-құжат; 1999 ж., № 19, 646-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 23, 138, 142-құжаттар; 2006 ж., № 2, 17-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 87-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 20, 23-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 112-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 2, 9, 15-құжаттар; № 3, 21-

құжат; № 4, 30-құжат; № 11, 80-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 97-құжат):

5-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан, арнайы қаржы компанияларынан, сондай-ақ табиғи монополия субъектісі үшін осы Заңда рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдардан басқа, коммерциялық ұйымдардың акцияларын (қатысу үлестерін) иеленуге немесе олардың қызметіне өзге жолмен қатысуға;».

18. «Аудиторлық қызмет туралы» 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 22, 309-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 5-құжат; № 8, 52-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 86-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 138-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат):

5-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

« 2 . М і н д е т т і а у д и т к е :

а к ц и о н е р л і к қ о ғ а м д а р ;

қадағалау кеңесі бар, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру холдингтері және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі ірі қатысушысы болып табылатын ұйымдар, сақтандыру брокері;

бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және инвестициялық портфельді басқарушылар ;

инвестициялық портфельді басқарушыға ірі қатысушылар;

жер қойнауын пайдаланушылар ;

банктер, банк холдингтері мен банк және (немесе) банк холдингі ірі қатысушылары болып табылатын ұйымдар ;

қуаттылығы аз табиғи монополия субъектілерін қоспағанда, табиғи монополия субъектілері ;

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбе бойынша авиациялық жұмыстарды жүзеге асыратын авиакомпанияларды қоспағанда, азаматтық авиация ұйымдары ;

астық қабылдау кәсіпорындары ;

сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры ;

инвестициялық преференцияларды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыруға келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары ;

мақта өңдеу ұйымдары ;

«Жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес арнайы қаржы компаниялары;

«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылыс салушылар мен жобалау компаниялары жатады.

Аудит міндетті болып табылатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылдық қаржылық есептілікті мерзімді баспа басылымдарында жариялайтын ұйымдар жылдық қаржылық есептілікпен бірге аудиторлық есепті де жариялауға м і н д е т т і . » .

19. «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 22, 406-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; 2005 ж., № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; № 8, 52-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат):

1) 3-баптың 23-2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«23-2) сақтандыру тобы – банк конгломераты болып табылмайтын, сақтандыру холдингінен, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан, сондай-ақ сақтандыру холдингінің еншілес ұйымдарынан және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының еншілес ұйымдарынан және (немесе) сақтандыру холдингі және (немесе) оның еншілес ұйымдары және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары капиталына қомақты қатысатын ұйымдардан тұратын заңды тұлғалар тобы.»;

2 ) 2 5 - б а п т а :

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерден меншікті акцияларын сатып алуға, мәміле жасау нәтижесінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеті мәселелеріне қатысты заң талаптары б ұ з ы л м а й т ы н ж а ғ д а й д а қ ұ қ ы л ы . » ;

3) 32-баптың 6-тармағының 8) және 9) тармақшалары мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«8) уәкілетті органның құжаттарды қарау кезеңінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) сақтандыру холдингіне және (немесе) сатып алу болжанып отырған еншілес ұйымға қатысты қолданған осы Заңның 53-2-тармағы 1-тармағының 4 ) тармақшасында көзделген қолданыстағы шектеулі ықпал ету шарасының және ( немесе) осы Заңның 53-1-бабының 2-тармағында көзделген мәжбүрлеу шараларының

және Заңның 53-3-бабы 2-тармағының 2)-4) тармақшаларында көзделген  
с а н к ц и я с ы н ы ң б о л у ы ;

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) сақтандыру холдингі еншілес ұйымды – Қазақстан Республикасының резиденттері – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, банкті, инвестициялық портфельді басқарушыны құрған немесе иеленген жағдайда осы Заңда, Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі, зейнетақымен қамсыздандыру және бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасында көзделген Қазақстан Республикасының резиденттері – сақтандыру немесе банк холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушының, банктің, инвестициялық портфельді басқарушының мәртебесін алуға келісім беруге қатысты талаптарды сақтамауы болып табылады.»;

4) 53-3-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, сақтандыру холдингіне, сақтандыру тобының құрамына кіретін ұйымдарға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ірі қатысушыларға, сақтандыру брокеріне бұрын оларға қолданылған ықпал ету шараларына қарамастан, санкциялар қолдануға құқылы.»;

5) 69-1 -бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Егер «өмірді сақтандыру» саласы бойынша қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының ешқайсысы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмесе не «өмірді сақтандыру» саласы бойынша қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының бірі мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымдарының сақтандыру портфелін қабылдау ниеті туралы мәлімдемесе, сақтандыру портфелін беруді мемлекеттің қатысуы бар «өмірді сақтандыру» саласы бойынша қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары жүзеге а с ы р а д ы . » .

20. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 1, 8-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; № 10, 56-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 17, 136-құжат; № 23, 179-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 64-құжат; № 21-22, 124-құжат):

16-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) мемлекет қатысатын жинақтаушы зейнетақы қорын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайта құру жағдайларына қолданылмайды.».

21. «Қазақстанның Даму Банкі туралы» 2001 жылғы 25 сәуірдегі № 178 Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 93, 85-құжат; 20003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 83-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 15, 85-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., № 11, 37-құжат; № 23, 105-құжат; 2006

ж., № 8, 45-құжат; № 16, 99-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; 2010 ж., № 7, 29-құжат; 2011 ж., № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат):

15-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

1) жеке тұлғаларға, ерікті жинақтаушы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқарушы кердіттік серіктестерге, инвестициялық қорларға, сақтандару ұйымдарына кредиттер, сондай-ақ олардың міндеттемелері бойынша банктік кепілдіктер, кепілгерліктер және ақшалай нысанда орындалу көзделетін өзге де міндеттемелер беруіне;»;

22. «Почта туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 3, 17-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 16, 99-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 5, 35-құжат; № 13, 91-құжат):

4-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік бюджеттен және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдері мен әлеуметтік жәрдемақыларды жеткізу жөніндегі қызмет көрсету;».

23. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 9, 41-құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 9-10, 50-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде 2013 жылғы 6 ақпандағы жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«26-бап. Әлеуметтік төлемдерден ұстап қалу

Еңбек ету қабілетінен айрылған және (немесе) жұмысынан айрылған жағдайда, сондай-ақ жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдайларда берілетін әлеуметтік төлемдерден міндетті зейнетақы жарналары ұсталып қалады және олар Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарына сәйкес алушының бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жіберіледі.».

24. «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 10, 55-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 58-



құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 4, 28, 33-құжаттар, № 9, 67-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 2, 21-құжат; № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 4, 30-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат ) :

53-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:  
«53-1-бап. Директорлар кеңесінің комитеттері

1. Аса маңызды мәселелерді қарау және директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін қоғамда директорлар кеңесінің комитеттері құрылады:

2. Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар және сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген өзге де мәселелер.

Осы тармақта көрсетілген мәселелерді қарау бір немесе бірнеше директорлар кеңесі комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

3. Директорлар кеңесінің комитеттері директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Функцияларына осы баптың 1-1-тармағының 1)-4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

Атқарушы органның басшысы директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алады.

4. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы директорлар кеңесі бекітетін қоғамның ішкі құжатында белгіленеді.».

25. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 119-құжат; 2004 ж., № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 125-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14, 15-

құжаттар; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат):

1 ) 1 - б а п т а :

1-баптың 32) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«32) инвестициялық комитет – бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының меншікті активтеріне және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушыға инвестициялық басқаруға берілген активтерге қатысты инвестициялық шешімдерді қабылдауды жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының (тіркеуші мен трансфер-агентті қоспағанда) алқалы органы;»;

34) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«34) инвестициялық портфельді басқарушы – азаматтық құқық объектілерін басқару жөніндегі қызметті клиенттің мүдделерін көздеп және соның есебінен өз атынан жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы;»;

мынадай мазмұндағы 34-1) тармақшамен толықтырылсын:

«34-1) ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры – уәкілетті органның лицензиясы негізінде ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қ а т ы с у ш ы ; » ;

2) 2-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, осы Заңның нормалары банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, инвестициялық қорлар, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорлары (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары) шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздарды, эмиссиялық бағалы қағаздарды, өзге де қаржы құралдарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу процесінде туындайтын құқықтық қатынастарға қолданылады.»;

3 - 1 - б а п т а :

1-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1. Осы баптың 1-тармағының 1) және 4) тармақшаларында келтірілген шаралар, егер уәкілетті орган ірі қатысушы белгілері бар тұлғалардың, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушы ірі қатысушылардың, олардың лауазымды адамдарының немесе қызметкерлерінің бұзушылықтары, заңсыз іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі инвестициялық портфельді басқарушының қаржылық жағдайын нашарлатқанын анықтаса, ірі қатысушы белгілері бар тұлғаларға, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушыларына да қатысты қолданылуы мүмкін.»;

8-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) орталық депозитарий, тіркеуші мен лицензиаттардың басқарушы қызметкерлерін тағайындауға уәкілетті органның келісімін қайтарып алуға құқылы.»;

3-2-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Екінші деңгейдегі банктер бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе)

дилерлік қызметті жүзеге асырған кезде, оларға осы баптың талаптары қолданылмайды.

» ;

5) 5-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Институционалдық инвесторлар инвестицияны, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары көрсететін қызметті пайдалана отырып жүзеге асырады.»;

6) 45-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы алып тасталсын;

7) 46-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын қайта ұйымдастырылуы кезінде лицензиаттың акцияларына төлем жасауды қоспағанда, сондай-ақ «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 73-бабында көзделген тәртіппен өтініш беруші лицензияны алған жағдайда, өтініш берушінің (лицензиаттың) акцияларына төлем жасау тек қана ақшалай Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүзеге асырылады.

Өтініш берушінің (лицензиаттың) жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.

Заңды тұлға өтініш берушінің (лицензиаттың) акцияларын акцияға төленген ақы және (немесе) басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесі ретінде енгізілген активтер сомасын шегере отырып, өз капиталы шегінде төлеуге құқылы.»;

8) 47-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрыла алатын және қызметін жүзеге асыра алатын, клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз трансфер-агенттерді қоспағанда, лицензиат акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылады және қызметін жүзеге асырады.»;

9) 49-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы инвестициялық портфельді басқарушы меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенттерін қолдау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген шараларды қ а б ы л д а у ғ а м і н д е т т і .

Инвестициялық портфельді басқарушының қаржылық ахуалы нашарлаған жағдайда инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы уәкілетті органның талабы бойынша инвестициялық портфельді басқарушының қаржылық ахуалын жақсарту, оның ішінде инвестициялық портфельді басқарушының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге жеткілікті мөлшерде инвестициялық портфельді басқарушының меншікті капиталын ұлғайту бойынша шараларды қабылдауға міндетті.»;

10) 50-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Егер лицензия алу үшін табыс етілген құжаттарды қарау процесінде, сондай-ақ

уәкілетті органға ұсынылған мәліметтердің дәйектілігін тексеру қажет болғанда, осы құжаттарда өтініш беруші, оның құрылтайшылары немесе олардың қызметі туралы дәйектемесіз мәліметтер бар екені анықталса, уәкілетті орган ол құжаттарды қарау мерзімін тоқтата тұруға құқылы. Өтініш беруші ескертпелерді жойғаннан кейін және құжаттарды тапсырғаннан кейін олардың қарау мерзімі қайта жаңғыртылады. Уәкілетті органның құжаттарды кейінгі қарау мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспауға тиіс.»;

11) 69-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«69-бап. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру

1. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асырудың талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерімен және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Активтердің сенімгерлік басқаруды жүзеге асыратын, жалғыз акционері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі болып табылатын акционерлік қоғамның бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті жүзеге асыру ерекшеліктері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленеді.

2. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия ерікті зейнетақы тарту құқығымен болуы мүмкін (ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры).

3. Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызмет клиенттің мүддесін көздеп кіріс алу мақсатымен жүзеге асырылады.

4. Инвестициялық портфельді басқарушылардың олар басқаратын қаржы құралдарына қатысты құқықтарын нақтылы ұстаушылар өздерінің ішкі құжаттарына сәйкес есепке алады.»;

12) 70 - бапта :

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«70-бап. Инвестициялық портфельді басқарушылардың функциялары»

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Инвестициялық портфельді басқарушылардың функциялары:

1) ақшаны эмиссиялық бағалы қағаздарға және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес өзге де қаржы құралдарына инвестициялау туралы шешімдер қабылдау;

2) қабылданған инвестициялық шешімдерді орындау мақсатында инвестициялық портфельді басқару процесінде бағалы қағаздар нарығының субъектілерімен өзара іс - қимыл жасау;

3) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және олардың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелердің есебін жүргізу;

4) инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шарттың талаптарын орындау болып табылады.

2. Ерікті зейнетақы тарту құқығы бар инвестициялық портфельді басқарушы

Заңның осы бабының 1-тармағында көзделген функциялардан басқа, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген функцияларды жүзеге асырады.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, инвестициялық портфельді басқарушылар эмиссиялық бағалы қағаздар мен басқаруындағы өзге де қаржы құралдарына қатысты пайдалану және билік ету жөніндегі құқығын жүзеге асыруға қ ұ қ ы л ы . » ;

1 3 ) 7 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының өз активтеріне және (немесе) бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы (инвестициялық портфельді басқарушы) инвестициялық басқаруға қабылдаған активтерге қатысты инвестициялық шешімдер қабылдауды құрамында кемінде үш адам болуға тиіс инвестициялық комитет жүзеге асырады. Инвестициялық комитет мүшелерінің кемінде жартысы өздерін кәсіби қатысушының басшы қызметкерлеріне тағайындауға (сайлауға) уәкілетті органның келісімін алған, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының басшы қызметкерлері болуға тиіс.

Осы тармақтың талаптары тіркеушіге, трансфер-агентке және бағалы қағаздар нарығында кастодиандық және (немесе) брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар екінші деңгейдегі банкке қолданылмайды.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Инвестициялық портфельді басқарушы инвестициялық комитеттің құрамына осы инвестициялық портфельді басқарушының қызметкерлері болып табылмайтын адамдар кірмеуге тиіс.».

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен ерікті жарналарды тарту құқығы бар инвестициялық портфельді басқарушының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен жасаған шартқа сәйкес зейнетақы активтерін басқаруды жүзеге асыратын инвестициялық портфельді басқарушының инвестициялық комитетінің құрамына қосымша талаптар белгіленеді.»;

14) мынадай мазмұндағы 72-1, 72-2 және 72-3-баптармен толықтырылсын:

«72-1-бап. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы

1. Ешбір тұлға дербес өзі немесе басқа тұлғамен (тұлғалармен) инвестициялық портфельді басқарушының орналастырылған акцияларының он немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама түрде иелене, пайдалана және (немесе) оған билік ете алмайды, сондай-ақ уәкілетті органның алдын ала жазбаша келісімін алмай инвестициялық портфельді басқарушы қабылдайтын шешімдерге инвестициялық портфельді басқарушының орналастырылған акцияларының (артықшылықты және

сатып алынғандары қоспағанда) он немесе одан көп пайызы мөлшерінде бақылау жасай алмайды немесе ықпал етуге мүмкіндігі болмайды.

Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлғалары рейтингілік агенттіктердің бірінің талап етілетін ең төменгі рейтингі болған кезде инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушы мәртебесін иемдену үшін уәкілетті органның келісімін алуы мүмкін. Талап етілетін ең төменгі рейтинг және рейтингілік агенттіктердің тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

Көрсетілген рейтингтің болуы инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушы болып табылатын, инвестициялық портфельді басқарушының орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынғандары қоспағанда) он немесе одан көп пайызын тікелей иемденген немесе талап етілетін ең төменгі рейтингі бар инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызымен дауыс беру мүмкіндігі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлғасының акцияларын (жарғылық капиталына қатысу үлестерін) иемдену (дауыс беру) арқылы инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызын жанама иемденуі немесе инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызымен дауыс беруді болжам отырған Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғасы үшін талап етілмейді.

2. Инвестициялық портфельді басқарушының орналастырылған немесе дауыс беретін акцияларының (артықшылықты және сатып алынғандары қоспағанда) жиынтығында он немесе одан көп пайызы тиесілі болатын және:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгіну;

2) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізу;

3) директорлар кеңесінің отырысын шақыру;

4) өз есебінен инвестициялық портфельді басқарушының аудитін жүргізу мәселелері бойынша шешімдер қабылдау көзделетін, жасалған келісімдер негізінде іс-әрекет жасайтын акционерлер инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушы болып табылмайды.

3. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушы мәртебесін беру, алуға келісім беруден бас тарту қағидаларын, көрсетілген келісімді алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптарды уәкілетті орган айқындайды.

4. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушы болуға ниет білдірген тұлға келісім алу үшін осы баптың 6, 7, 8, 9 және 10-тармақтарында айқындалған құжаттар мен мәліметтерді қоса бере отырып, уәкілетті органға инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушы мәртебесін иемдену туралы өтініш беруге міндетті.

5. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушылары – жеке тұлғалар инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын оларға меншіктеу құқығында тиесілі мүліктің құнынан аспайтын мөлшерде төлейді. Бұл ретте мүліктің құны инвестициялық портфельді басқарушының бұрын сатып алынған және сатып алынатын акцияларының жиынтық құнынан кем болмауы тиіс.

6. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушы мәртебесін иемденуге келісім алу үшін жеке тұлға мынадай құжаттарды:

1) растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, акцияларды сатып алу үшін пайдаланылатын көздер мен қаражаттың сипаттамасын қоса алғанда, инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын, оның ішінде бұрын сатып алынғандарын сатып алу талаптары мен тәртібі туралы мәліметтерді ұсынады.

М ы н а л а р :

кәсіпкерлік, еңбек қызметінен немесе басқа да ақысы төленетін қызметтен алынған к і р і с т е р ;

өтініш берушінің құжатпен расталған жинақталған ақша қаражаты инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сатып алу үшін пайдаланылатын көздер болып т а б ы л а д ы .

Сыйға тарту, ұтыс, өтеусіз алынған мүлікті сатудан түскен кіріс түрінде алынған, инвестициялық портфельді басқарушының сатып алынатын акциялары құнының жиырма бес пайызынан аспайтын мөлшердегі ақша инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сатып алу үшін осы тармақшаның екінші бөлігінде көрсетілген көздерге қосымша пайдаланылуы мүмкін.

Өтініш беруші сыйға тарту түрінде алынған мүлік есебінен инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сатып алған кезде сыйға тартушы және көрсетілген мүліктің сыйға тартушыда пайда болу көздері туралы мәліметтерді ұ с ы н а д ы ;

2) өтініш берушінің мүддесін білдіру тапсырылатын өтініш берушінің өкіліне (ол бар болғанда) берілген сенімхатты;

3) өзі ірі қатысушы болып табылатын заңды тұлғалардың тізімін және олардың құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін;

4) осы қордың немесе ұйымның қаржы жағдайының ықтимал нашарлауы жағдайларында инвестициялық портфельді басқарушыны қайта капиталдандыру ж о с п а р ы н ;

5) растайтын құжаттар көшірмелері қоса тіркелген мінсіз іскерлік беделі туралы м ә л і м е т т е р д і ;

6) табыстары мен мүлкі туралы мәліметтерді, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысанға сәйкес өтініш берушінің барлық міндеттемелері бойынша орын алған берешектер туралы ақпаратты;

7) білімі, еңбек қызметі туралы мәліметтерді қоса алғанда, уәкілетті органның

нормативтік құқықтық актілерінде көзделген нысан бойынша өтініш беруші туралы қысқаша деректерді.

Қазақстан Республикасының резиденті емес жеке тұлғасы инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушы мәртебесін иемденуге келісім алу үшін осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) - 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттармен қатар,

Қазақстан Республикасының резиденті емес жеке тұлға тұратын елдің тиісті мемлекеттік органының Қазақстан Республикасының резидент- инвестициялық портфельді басқарушының акцияларды сатып алуға осы ел заңнамасында рұқсат етілгені туралы жазбаша растауын не тиісті елдің уәкілетті органының көрсетілген құрылтайшы мемлекетінің заңнамасы бойынша мұндай рұқсат талап етілмейтіндігі туралы мәлімдемесін табыс етеді.

7. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін алуға келісім алу үшін Қазақстан Республикасының резиденті – заңды тұлға мынадай құжаттарды :

1) өтініш беруші органының инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сатып алу туралы шешімінің көшірмесін, сондай-ақ өтініш берушінің үлестес тұлғаларының тізімін ;

2) заңды тұлға акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он немесе одан көп пайызына (дербес немесе басқа тұлғалармен бірлесіп) иелік ететін, сондай-ақ шарттың күшіне қарай не өзгеше түрде осы заңды тұлғаның шешімдерін айқындау немесе оларды бақылау мүмкіндігі бар тұлғалар туралы мәліметтерді және растайтын құжаттарды ;

3) осы баптың 6-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды ;

4) өзінің басшы қызметкерлерінің мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтерді;

5) өтініш берушінің құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін, өтініш берушінің ірі қатысушылары туралы, сондай-ақ өтініш берушінің ірі қатысушыларының ірі қатысушылары туралы қысқаша деректерді;

6) білімі туралы, еңбек қызметі туралы мәліметтерді қоса алғанда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген нысан бойынша өтініш берушінің басшы қызметкерлері туралы қысқаша деректерді;

7) аяқталған соңғы екі қаржы жылының аудиторлық ұйым куәландырған жылдық қаржылық есептілігін, сондай-ақ тиісті өтінішті табыс етер алдындағы аяқталған соңғы тоқсанның қаржы есептілігін ;

8) өтініш берушінің және инвестициялық портфельді басқарушының мәртебе алғаннан кейінгі болжамды есеп айырысу балансын қоса алғанда, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін алуының қаржылық салдарларының талдауын, іс-шаралар жоспарын және ұйымдық құрылымды қоса алғанда, өтініш берушінің инвестициялық портфельді басқарушының активтерін сату,



қайта ұйымдастыру немесе инвестициялық портфельді басқарушының қызметіне немесе оны басқаруға айтарлықтай өзгерістер енгізу жөніндегі жоспарлары мен ұсыныстарын, егер олар бар болса, табыс етеді.

8. Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлға инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін алуға келісім алу үшін мына құжаттарды :

1) осы баптың 6-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында және 7-тармағының 1), 3), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды ;

2) осы баптың 1-тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірі берген заңды тұлғаның кредит рейтингі туралы мәліметтерді;

3) өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымының инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге жазбаша рұқсатын (келісімін) не тиісті мемлекеттің уәкілетті органының көрсетілген мемлекеттің заңнамасы бойынша осындай рұқсат (келісім) етілмейтіні туралы өтінішін табыс етеді.

9. Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымы инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін алуға келісім алу үшін мына құжаттарды :

1) осы баптың 8-тармағында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды;

2) өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының өтініш беруші қаржылық қызметін осы ел заңнамасының шеңберінде жүзеге асыруға уәкілетті екендігі туралы жазбаша растауын не өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының осы елдің заңнамасы бойынша мұндай рұқсат талап етілмейтіндігі туралы жазбаша растауын табыс етеді.

Инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан көп пайызын сатып алуға ниет білдірген, өзі орналасқан елде қаржылық қадағалауға жататын Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымы инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін алуға келісім алу үшін осы тармақта белгіленген құжаттармен қатар өтініш беруші орналасқан елдің қаржылық қадағалау органының Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымының шоғырландырылған қадағалауға жататындығы туралы жазбаша растауын табыс етеді.

10. Орналастырылған акциялардың (артықшылық берілгендерін және сатып алынғандарын шегере отырып) жиырма бес немесе одан көп пайызын иелену үлесі бар инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуге ниетті тұлғалар осы бапта көрсетілген құжаттар мен мәліметтерге қосымша қойылатын талаптарын уәкілетті орган белгілейтін таяу бес жылға арналған бизнес-жоспарды

ұ с ы н а д ы .

Инвестициялық портфельді басқарушының директорлар кеңесі осы бапта белгіленген тиісті мәртебені алу шеңберінде инвестициялық портфельді басқарушының орналастырылған акцияларының (артықшылық берілгендерін және сатып алынғандарын шегере отырып) жиырма бес немесе одан көп пайызын иелену үлесі бар ірі қатысушы ұсынған бизнес-жоспарды қарайды.

Инвестициялық портфельді басқарушы уәкілетті органды инвестициялық портфельді басқарушының даму стратегиясына (даму жоспарына) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының бизнес-жоспарын енгізу не енгізбеу туралы тиісті шешім қабылдау күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде инвестициялық портфельді басқарушының директорлар кеңесінің инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының бизнес-жоспарын қарау нәтижелері туралы х а б а р д а р е т у г е м і н д е т т і .

Инвестициялық портфельді басқарушының директорлар кеңесі инвестициялық портфельді басқарушының даму стратегиясының (даму жоспарының) сақталуын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

11. Инвестициялық портфельді басқарушының бірлескен ірі қатысушысы болып табылатын тұлғалар болып сомасында инвестициялық портфельді басқарушының орналастырылған акцияларының (артықшылық берілгендерін және сатып алынғандарын шегере отырып) он немесе одан көп пайызына ие немесе инвестициялық портфельді басқарушы акцияларының он немесе одан көп пайызымен тікелей немесе жанама дауыс беру мүмкіндігі бар және:

- 1) өздерінің арасындағы шарт күшіне қарай немесе басқаша инвестициялық портфельді басқарушының шешімдеріне бірлесіп ықпал ететін;
- 2) жеке-жеке немесе өзара бір-бірінің ірі қатысушылары болып табылатын;
- 3) олардың бірі басқа тұлғаның лауазымды адамы немесе өкілі болып табылатын;
- 4) олардың бірі басқа тұлғаға өздерінің арасында жасалған шартқа сәйкес инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сатып алу мүмкіндігін берген;
- 5) жақын туыстар немесе ерлі-зайыптылар болып табылатын;
- 6) олардың бірі басқа тұлғаға өзі сыйға берген ақша немесе ақысыз алынған мүлік есебінен инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сатып алу мүмкіндігін берген т ұ л ғ а л а р т а н ы л а д ы .

Егер инвестициялық портфельді басқарушы Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкес банк конгломератына кірген жағдайда инвестициялық портфельді басқарушы Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес шоғырландырылған қадағалауға жатады.

12. Уәкілетті орган осы баптың талаптарына сәйкес инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін алу үшін берілген өтініш бойынша шешімді құжаттардың толық топтамасы ұсынылған күннен бастап үш ай ішінде қабылдауға тиіс

Уәкілетті орган өтініш берушіні өз шешімінің нәтижелері туралы жазбаша хабардар етуге міндетті. Бұл ретте тиісті мәртебені иеленуге келісім беруден бас тартылған жағдайда жазбаша хабарламада бас тарту негіздері көрсетіледі.

13. Уәкілетті орган келісім беруге негіз болған дәйексіз мәліметтер анықталған немесе өтініш берушінің ірі қатысушы мәртебесін иеленуі нәтижесінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасының талаптары бұзылған немесе ірі қатысушылар осы Заңның талаптарын сақтамаған жағдайда келісімді қайтарып алу үшін негіз болып табылатын факті анықталған күннен бастап екі ай ішінде күшін жою туралы шешім қабылдай отырып, осы бапқа сәйкес берілген келісімді қайтарып алуға құқылы. Бұл жағдайда осындай шара қолданылатын тұлға алты ай ішінде инвестициялық портфельді басқарушының өзіне тиесілі акцияларының санын осы бапта белгіленгеннен төмен деңгейге дейін азайтуға міндетті.

Осы бапқа сәйкес берілген келісімі қайтарып алынған тұлғаның инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын үшінші тұлғаға сенімгерлік басқаруға беруге құқығы жоқ.

Уәкілетті орган өздеріне қатысты тиісті келісімді қайтарып алу туралы шешім қабылдаған тұлғалар осы тармақтың талаптарын орындамаған жағдайда, уәкілетті орган осы тұлғалардың уәкілетті орган талаптарын орындауы үшін сотқа жүгінуге құқылы.

14. Егер тұлға уәкілетті органның алдын ала жазбаша келісімін алмай-ақ инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келген жағдайда, оның инвестициялық портфельді басқарушының басшылығына немесе саясатына ықпал етуге бағытталған ешқандай әрекеттер жасауға және (немесе) осы баптың ережелеріне сәйкес уәкілетті органның жазбаша келісімін алғанға дейін осындай акциялар бойынша дауыс беруге құқығы жоқ.

Көрсетілген жағдайда инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келетін тұлға өзінің инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келетіні өзіне мәлім болған сәттен бастап күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органды хабардар етуге міндетті.

Егер бұл тұлғаның көрсетілген мерзімде акцияларды иелігінен шығаруға ниеті болмаса, тиісті мәртебені иелену туралы өтініш уәкілетті органға өзінің инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келетіні өзіне мәлім болған сәттен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ұсынылады. Акцияларды иелігінен шығару туралы шешім қабылданғаны туралы ақпарат уәкілетті органға осындай шешім қабылданған күннен бастап дереу беріледі.

15. Уәкілетті орган осы тұлғаның инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келетінін көрсететін мәліметтер болған жағдайда жеке және заңды тұлғалардан ақпарат беруді талап етуге құқылы. Ақпарат оған ие кез келген

тұлғадан, сондай-ақ осындай тұлғалардың бақылауындағы ұйымдардан талап етілуі  
м ү м к і н .

16. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органды растайтын құжаттарды ұсына отырып, өзіне тиесілі акциялар санының өзі тікелей немесе жанама иелік ететін немесе тікелей немесе жанама дауыс беру мүмкіндігі бар инвестициялық портфельді басқарушының орналастырылған акцияларының (артықшылық берілгендерін және сатып алынғандарын шегере отырып) санына пайыздық арақатынасының өзгергені туралы хабардар етуге міндетті.

Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына тиесілі инвестициялық портфельді басқарушы акцияларының саны (пайыздық немесе абсолюттік мәндегі) инвестициялық портфельді басқарушының орналастырылған акцияларының (артықшылық берілгендерін және сатып алынғандарын шегере отырып) санына ұлғаю жағына қарай өзгерген жағдайда инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы уәкілетті органға растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сатып алу үшін пайдаланылатын қаражат көздері туралы ақпаратты беруге тиіс. Жеке тұлғалар-инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушылары инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сатып алу үшін пайдаланатын қаражат көздері осы баптың 6-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында айқындалған.

Инвестициялық портфельді басқарушы акциялары санының инвестициялық портфельді басқарушының орналастырылған акцияларының (артықшылық берілгендерін және сатып алынғандарын шегере отырып) санына пайыздық арақатынасы инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына тиесілі он пайыздан аз санға дейін өзгерген жағдайда, уәкілетті орган инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысының өтініші бойынша, не көрсетілген фактіні дербес анықтаған жағдайда осы факті анықталған күннен бастап екі ай ішінде инвестициялық портфельді басқарушы мәртебесін иеленуге келісім беру үшін көзделген тәртіппен бұрын берілген жазбаша келісімнің күшін жою туралы шешім қабылдайды.

17. Инвестициялық портфельді басқарушы уәкілетті органға инвестициялық портфельді басқарушының оларға тиесілі акциялары санының инвестициялық портфельді басқарушының орналастырылған акцияларының (артықшылық берілгендерін және сатып алынғандарын шегере отырып) санына пайыздық арақатынасын көрсете отырып, есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын өзінің барлық ірі қатысушыларының тізімін ұсынуға міндетті.

18. Инвестициялық портфельді басқарушы уәкілетті органды инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайызына

ие акционерлер құрамының өзгергені туралы өзі осы фактіні анықтаған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде хабардар етуге міндетті.

19. Инвестициялық портфельді басқарушының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушыларының, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілеріне сәйкес келетін жеке және заңды тұлғалардың мәліметтерді уақтылы бермеуі, бермеуі немесе дәйексіз мәліметтер беруі, осы баптың 14-18-тармақтарына сәйкес талап етілетін ақпаратты көрсетілген мерзімдерде бермеуі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа ә к е п с о қ т ы р а д ы .

72-2-бап. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы болғысы келетін тұлғаларға уәкілетті органның келісім беруден бас тарту негіздері.

1. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы болғысы келетін тұлғаларға уәкілетті органның келісім беруден бас тартуына:

1) осы Заңның 54-бабының 2-тармағы 4)-6) тармақшаларының талаптарын сақтамау (жеке тұлғаға немесе өтініш беруші – заңды тұлғаның басшы қызметкерлеріне қатысты ) ;

2) өтініш берушінің қаржылық жағдайының тұрақсыздығы;

3) осы Заңның 72-1-бабында көрсетілген құжаттардың ұсынылмауы;

4) өтініш берушінің инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуі нәтижесінде Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасы талаптарының бұзылуы ;

5) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иелену жөніндегі мәміледе тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды тұлға (оның ірі қатысушысы (ірі акционері)) иеленуші тарап болып т а б ы л а т ы н ж а ғ д а й л а р ;

6) өтініш берушінің осы Заңда белгіленген инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушыларына қойылатын өзге де талаптарды сақтамауы;

7) өтініш беруші – қаржы ұйымы өзі орналасқан елде шоғырландырылған негізде қадағалауға жатпайтын жағдайлар ;

8) өтініш берушінің инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарын талдау инвестициялық портфельді басқарушының қаржылық жағдайының нашарлайтынын болжайтын болса;

9) өтініш беруші – Қазақстан Республикасының резиденті емес қаржы ұйымында шыққан елінің заңнамасы шеңберінде қаржылық қызметті жүзеге асыру өкілеттіктерінің болмауы ;

10) өтініш беруші – Қазақстан Республикасының резиденті емес заңды тұлғада осы Заңның 72-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тізбесін уәкілетті орган айқындайтын халықаралық рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төменгі талап етілетін рейтингінің болмауы;

11) осы қордың немесе ұйымның қаржылық жағдайының ықтимал нашарлауы жағдайында ұсынылған инвестициялық портфельді басқарушыны қайта капиталдандыру жоспарының тиімсіздігі;

12) өтініш беруші – жеке тұлғада, сондай-ақ өтініш беруші - заңды тұлғаның басшы қызметкерлерінде мінсіз іскерлік беделдің болмауы;

13) уәкілетті орган қаржы ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде тұлға бұрын ірі қатысушы-жеке тұлға не ірі қатысушы-заңды тұлғаның бірінші басшысы және (немесе) қаржы ұйымының басшы қызметкері болып табылған не табылатын жағдайлар негіз болып табылады. Көрсетілген талап уәкілетті орган қаржы ұйымын консервациялау, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы, қаржы ұйымын лицензиядан айыру туралы, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағаннан кейін бес жыл бойы қолданылады.

## 2. Мына жағдайлардың бірінің болуы:

1) өтініш беруші - заңды тұлға өтініш берген күнге дейін екі жылдан кем уақытта қ ұ р ы л с а ;

2) өтініш берушінің міндеттемелері басқа заңды тұлғалардың акцияларына және жарғылық капиталдарына қатысу үлестеріне орналастырылған және инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сатып алуға көзделген активтер сомасын шегергенде өзінің активтерінен асып кетсе;

3) әрбір аяқталған екі қаржы жылының нәтижелері бойынша зияндар;

4) өтініш беруші міндеттемелерінің мөлшері инвестициялық портфельді басқарушының қаржылық жағдайына айтарлықтай тәуекел әкелетін болса;

5) өтініш берушінің инвестициялық портфельді басқарушының алдында мерзімі өткен және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының балансынан тыс ж а т қ ы з ы л ғ а н б е р е ш е г і б о л с а ;

6) өтініш берушінің инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленуінің қаржылық салдарын талдау өтініш берушінің қаржылық жағдайының нашарлайтынын болжайтын болса;

7) инвестициялық портфельді басқарушыға және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының салымшыларына (алушыларына) нұқсан келтіру ықтималдығы туралы куәландыратын өзге де негіздер өтініш берушінің тұрақсыз қаржылық жағдайының белгісі болып табылады.

3. Тұлға уәкілетті органның жазбаша келісімінсіз инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгілерін иеленген жағдайда, уәкілетті орган осы тұлғаға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген санкцияларды, сондай-ақ

инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын алты айдан аспайтын мерзімде сату жөніндегі талаптар бөлігінде осы Заңның 42-7-бабында көзделген мәжбүрлеу шараларын қолданады.

72-3-бап. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгісі бар тұлғаларға, сондай-ақ ірі қатысушыларына қолданылатын мәжбүрлеу шаралары

1. Уәкілетті орган инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгісі бар тұлғаларға, сондай-ақ ірі қатысушыларына:

1) уәкілетті органның ірі қатысушысы мәртебесін иемденуге келісін алмаған;

2) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгісін алғаннан кейін осы Заңның 72-2-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайлар туындаған;

3) уәкілетті органның жазбаша ұйғарымдарын және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-1-бабы 1-тармағының 1) және 4) тармақшаларына сәйкес уәкілетті орган жасаған жазбаша келісімдерді орындамаған;

4) жасалуы салдарынан инвестициялық портфельді басқарушыға залал келтірілген немесе келтірілуі мүмкін іс-әрекеттерді инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгісі бар тұлға жасаған;

5) олардың салдарынан инвестициялық портфельді басқарушыға залал келтірілген немесе келтірілуі мүмкін инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгісі бар тұлғалардың, сондай-ақ ірі қатысушыларының қаржылық жағдайының тұрақсыздығы;

6) осы Заңның 3-2-бабында көрсетілген факторлар анықталуына байланысты инвестициялық портфельді басқарушының қаржылық жай-күйі нашарлаған;

7) уәкілетті органға осы Заңда көзделген бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға кедергі жасайтын инвестициялық портфельді басқарушы мен оның ірі қатысушысы, ірі қатысушысының белгісі бар тұлға арасында қарым-қатынастардың болуы;

8) ірі қатысушысының белгісі бар тұлғаның, ірі қатысушының осы Заңның 49-бабы 5-тармағының талаптарын орындамауға әкеліп соққан іс-әрекеттері немесе әрекетсіздігі жағдайларында мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқылы.

2. Уәкілетті орган осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайлар болған кезде:

1) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы белгісі бар тұлғадан, сондай-ақ ірі қатысушысынан оның тікелей немесе жанама түрде иелік ететін үлесін инвестициялық портфельді басқарушының дауыс беретін акцияларының он пайызынан төмен деңгейге дейін азайтуды талап етуге;

2) инвестициялық портфельді басқарушыдан ірі қатысушыға қатысты инвестициялық портфельді басқарушыны тәуекелге душар ететін олар арасындағы операцияларды (тікелей және жанама) жүзеге асыруды тоқта тұруды талап етуге;

3) инвестициялық портфельді басқарушыдан, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысынан инвестициялық портфельдің басқарушысын

қосымша капиталдандыру жөнінде шаралар қабылдауды талап етуге құқылы.

3. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы, сондай-ақ ірі қатысушысының белгісі бар тұлға осы баптың 2-тармағында, сондай-ақ осы Заңның 49-3-бабының 2-тармағында көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, уәкілетті органның шешімі негізінде инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына, сондай-ақ ірі қатысушысының белгісі бар тұлғаға тиесілі инвестициялық портфельді басқарушының акцияларына сенімгерлік басқару тағайындалады. Осы акциялар уәкілетті органға үш айға дейінгі мерзімге сенімгерлік басқаруға беріледі.

Уәкілетті орган инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына, сондай-ақ ірі қатысушысының белгісі бар тұлғаға тиесілі инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын ұлттық басқарушы холдингке сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдауға құқылы.

Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына, сондай-ақ ірі қатысушысының белгісі бар тұлғаға тиесілі инвестициялық портфельді басқарушының акциялары ұлттық басқарушы холдингке сенімгерлік басқаруға берген жағдайда, акцияларын сенімгерлік басқарудың тағайындалатын мерзім уәкілетті органның сенімгерлік басқару жөніндегі тиісті шешімінде белгіленеді.

Уәкілетті орган не ұлттық басқарушы холдинг инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру кезеңінде акциялардың меншік иесі сенімгерлік басқарудағы акцияларға қатысты қандай да бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқығы жоқ.

Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы, сондай-ақ ірі қатысушысының белгісі бар тұлға уәкілетті органның алдында өзіне тиесілі инвестициялық портфельді басқарушының барлық акцияларын өтініште көрсетілген тұлғаларға сату туралы ұсыныс беруге құқылы.

Өтініште көрсетілген акциялардың иесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарын орындаған жағдайда уәкілетті орган өтінішті қанағаттандырады.

Инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сенімгерлік басқаруға беру үшін негіздерді сенімгерлік басқару тағайындалған мерзім өткенге дейін жоймаған кезде уәкілетті орган не ұлттық басқарушы холдинг акцияларды өткізу туралы шешім қабылдау күнінде қалыптасқан нарықтық құн бойынша бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында оларды өткізу арқылы сенімгерлік басқарудағы акцияларды иеліктен шығарады. Акциялардың нарықтық құны туралы ақпарат болмаған жағдайда, бағалаушы өткізу бағасын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындауы мүмкін. Аталған акцияларды сатудан түскен ақша акциялары сенімгерлік басқаруға берілген адамдарға аударылады.

Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына, сондай-ақ ірі



қатысушысының белгісі бар тұлғаға тиесілі инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сату бойынша іс-шаралар инвестициялық портфельді басқарушының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысына не ірі қатысушысының белгісі бар тұлғаға тиесілі инвестициялық портфельді басқарушының акцияларын сенімгерлік басқаруды жүзеге асыру тәртібі, сондай-ақ сенімгерлік басқару кезеңіндегі уәкілетті органның не ұлттық басқарушы холдингінің іс-әрекеттерінің тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.»;

1 5 ) 7 3 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті кастодиандық қызмет пен сейфтік операцияларға лицензиялары бар банктердің және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің жүзеге асыруға құқығы бар.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Кастодианның шетелдік клиенттерге қызметтер көрсету жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылмайтын кастодиан өз клиентінің үлестес тұлғасы болмауы тиіс.».

26. «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 132-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 16, 91-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат, № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 24, 196-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат):

1) 1-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) қаржы қызметтері – сақтандыру нарығына, бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың қызметі, банк қызметі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған лицензиялар негізінде жүзеге асырылатын банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізу жөніндегі ұйымдардың қызметі, сондай-ақ орталық депозитарийдің, тіркеушінің, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және лицензиялауға жатпайтын өзара сақтандыру қоғамдарының қызметі.»;

2) 9-баптың 2-2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-2. Уәкілетті орган қадағалау функцияларын жүзеге асыру мақсатында банктерде, банк холдингтерінде, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында, инвестициялық портфельді басқарушыларында, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында, сақтандыру холдингтерінде өз өкілі (бұдан әрі - өкіл) болуына құқылы.»;

3) 9-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«9-1-бап. Өкілдің мақсаты, функциялары, құқықтары мен міндеттері

1. Уәкілетті орган бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру мақсатында уәкілетті органның өз қызметкерлері ішінен тағайындалатын өзінің өкілін банктерге, банк холдингтеріне, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына, инвестициялық портфельді басқарушыларға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, сақтандыру холдингтеріне жібереді.

Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қаржылық ұйымдардың біріндегі өкілдер санын уәкілетті орган белгілейді.

2. Өкіл өз қызметінде осы Заңды, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасын басшылыққа алады.

3. Уәкілетті орган банктегі, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы, инвестициялық портфельді басқарушыдағы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымындағы өз өкілін кез келген уақытта ауыстыруға құқылы.

4. Өкілдің негізгі міндеті уәкілетті органның бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

5. Өкіл өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру мақсатында мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) банктің, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, инвестициялық портфельді басқарушының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жай-күйін талдайды;

2) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің, сұрау салуларының, нұсқамаларының, талаптарының сақталуын бақылайды;

3) банкте, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында, инвестициялық портфельді басқарушыда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында тексеру жүргізу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) банк, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, инвестициялық портфельді басқарушы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы басқармасының, директорлар кеңесінің, тұрақты не уақытша жұмыс істейтін комиссияларының (комитеттерінің, жұмыс топтарының) (бұдан әрі - банктің, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, инвестициялық портфельді басқарушының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының органдары) отырыстарына байқаушы ретінде қатысады;

5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру және өз пікірін білдіру құқығынсыз байқаушы ретінде банк, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, инвестициялық портфельді басқарушы, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысына қатысады.

6. Өкіл:

1) өзіне жүктелген функцияларды орындау мақсатында осы баптың 1-тармағында көрсетілген қаржы ұйымдарынан және (немесе) олардың лауазымды адамдарынан ауызша және жазбаша нысандағы мәліметтер мен құжаттарды, оның ішінде қаржылық есептілікті және банктің, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, инвестициялық



барысында қабылданатын (қабылданған) нәтижелер мен шешімдер үшін жауапты  
б о л м а й д ы .

10. Осы баптың 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 және 9-тармақтарының талаптары банк және сақтандыру холдингтеріндегі уәкілетті органның өкіліне қолданылады.».

4 ) 1 2 - б а п т а :

9-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9-1) инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесіне жеке және заңды тұлғалардың ие болуына келісім беру және келісім беруден бас тарту тәртібін, аталған келісімді алу үшін ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптарды айқындайды, мұндай келісімді береді не беруден бас тартады;»;

11) және 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«11) инвестициялық портфельді басқарушының және институционалдық инвесторлардың инвестициялау тәртібін белгілейді;

12) инвестициялық портфельді басқарушының салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын есепке алуды жүргізу тәртібін белгілейді;»;

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

«12-1) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын қайта құру жүргізуге рұқсат береді;»

5) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«13-бап. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін мемлекеттік реттеудің, бақылаудың және қадағалаудың е р е к ш е л і к т е р і

Уәкілетті орган бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру мақсатында:

1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлеріне талаптарды б е л г і л е й д і ;

2) салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы жинақтарын есепке алуды жүргізу т ә р т і б і н б е л г і л е й д і ;

3) инвестициялық портфельді ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен басқаруға арналған лицензиядан айырылған жағдайда салымшылардың ерікті зейнетақы жинақтарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару тәртібін б е л г і л е й д і ;

4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы жөніндегі талаптарды белгілейді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге а с ы р а д ы . » .

27. «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы» 2006 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 10, 51-құжат; 2007 ж., № 17, 141-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат):

11-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Банктер қаржы орталығының қатысушылары болып табылмайды.».

28. «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 10-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 9-10, 47-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 17, 79, 81, 82-құжаттар; № 18, 84, 85-құжаттар; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21, 26-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 25-құжат; № 12, 84-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат):

1) 32-баптың 1-тармағының 13) және 17) тармақшалары алып тасталсын;

2) 42-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Осы баптың 2-тармағы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 73-бабында көзделген тәртіппен лицензия алу жағдайларына қолданылмайды.»;

3) 45-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Осы баптың 1-тармағы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 73-бабында көзделген тәртіппен лицензия алу жағдайларына қолданылмайды.».

29. «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 3, 19-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 101-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат):

13-баптың 4-тармағы алып тасталсын.

30. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 135-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 87-құжат; № 21, 97-құжат; № 24, 128-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 9-10, 47, 49-құжаттар; № 15-16, 74-құжат; № 17, 78-құжаттар, 82; № 24, 129-құжат, 133; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 108-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 4, 37-құжат; № 6, 49-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161, 171-құжаттар; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 3, 22-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 12, 83-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжаттар):

4 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н ы ң :

мынадай мазмұндағы 31-2) тармақшамен толықтырылсын:

«31-2) монетарлық қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді с а т ы п а л у ; » ;

мынадай мазмұндағы 36-1) және 36-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«36-1) екінші деңгейдегі банктердің кредит портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйымдардың күмәнді және үмітсіз активтер бойынша талап ету қ ұ қ ы қ т а р ы н с а т ы п а л у ;

36-2) шетелдік депозитарийлардың және өзге де қаржы ұйымдарының қызметтерін сатып алуды қоса алғанда депозитарлық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу;».

31. «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 19, 87-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат):

1) 3-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және ерікті жинақтаушы зейнетақы қ о р л а р ы ; » ;

2) 4-баптың 2-тармағының 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«14) ерікті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына енгізу, аудару, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан ерікті зейнетақы жарналарының есебінен жүзеге а с ы р у ; » .

32. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 7, 27-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 5, 43-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 10-құжат):

1) 42-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) сот банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорын мәжбүрлеп тарату туралы іс қозғаған;»;

2 ) 9 8 - б а п т а :

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) зейнетақы активтерінен;»;

мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

«14) салымшының (алушының) борыштары бойынша зейнетақы жинақтарынан ө н д і р і п а л у ғ а б о л м а й д ы . » .

33. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 14-құжаттар; № 3, 21, 25, 27-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 11-қ ұ ж а т ) :

к ө р с е т і л г е н      З а ң н ы ң      қ о с ы м ш а с ы н д а :

1-тармақтың 53) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«53) салық және басқа да міндетті төлемдердің бюджетке түсуіне, сондай-ақ бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарының және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың толық және у а қ т ы л ы а у д а р ы л у ы н а ; » .

34. «2013-2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2012 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 18-19, 118-құжат):

10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«10-бап. Зейнетақы төлемдерін алушыларға бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары мөлшерінде сақталуы жөніндегі мемлекеттің кепілдіктерін алушының зейнетақы төлемдеріне құқықты иеленуі кезіндегі инфляцияның деңгейін ескере отырып орындау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 002 «Азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қамсыздандыру» республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.».

2-бап. Өтпелі ережелер және күшіне ену

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

2. Осы Заң қолданысқа енгізілген күні ірі қатысушылардың, инвестициялық портфельді басқарушылардың белгілеріне ие тұлғалар инвестициялық портфельді басқарушылардың ірі қатысушылары деп танылады және уәкілетті органға осы Заңның 1-бабында айқындалған құжаттар мен мәліметтерді ұсынбайды.